Тек «Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтары» бөлімінде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы талаптарды ғана емес, сондай-ақ басқа бөлімдерде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі арнаулы нұсқауларды да сақтау қажет.

1.2 Бұйымдағы символдар мен жазбалардың мәні

Жабдықта тікелей түсірілген нұсқаулар, мәселен:

- айналу бағытын көрсететін нұсқар,
- айдап қотару ортасын беруге арналған қысымды келте құбыр таңбасы

міндетті түрде сақталуы және оларды кез-келген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

1.3 Қызмет көрсететін персоналдардың біліктілігі және оларды оқыту

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ құрастыруды орындайтын персоналдардың атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Персоналдар жауап беретін және олар білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге құзиреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдықта қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау, сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.



Ескертпе

Жабдықты құрастыру бойынша жұмыстарға кіріспес бұрын атаулы құжатты мұқият оқу керек. Жабдықты құрастыру және пайдалану атаулы құжаттың талаптарына, сонымен қатар жергілікті нормалар мен ережелерге сай жүргізілуі тиіс.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырығыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ- «С» тобына сәйкес келуі керек.

Оралған жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ-ның «С» тобына сәйкес болуы керек.

Мейлінше жоғары сақтау мерзімі 2 жылды құрайды.

Сорғы агрегатын сақтау барысында жұмыс дөңгелегін кемінде айына бір рет айналдырып отыру керек.


3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескертпе
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе
Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсіп қалу немесе адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті жағдайларға алып келуі себебі болуы мүмкін.



Назар аударыңыз

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.



Нұсқау


Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет

Осы Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық Hydro Multi-S сорғылы қондырғыларына таратылады. Hydro Multi-S қысымды жоғарылату қондырғысы жиынтығында CR, CM және CMV сорғыларымен алынады.

CR және CM сорғылары бар қондырғылардың «құрғақ айналымнан» қорғанышы жеткізілуі жиынтығына кіреді. CMV сорғысы бар қондырғылардың коллекторлары мырышталған болаттан немесе тот баспайтын болаттан орындалуы мүмкін. **Құрылымы**

Hydro Multi-S қысымды жоғарылату қондырғысы екі немесе үш бірдей сорғылармен жиынтықталған. Олар бір біріне параллель және жалпы қаңқа-негізге қабылдаушы және тегеурінді коллекторларымен, ысырмаларымен, кері клапандарымен, манометрімен, сонымен қатар қысым релесімен және басқару шкафымен орнатылған. 1-сур. қар.



1-сур. Hydro Multi-S қысым жоғарылату қондырғысы

Айқ	Атауы
1	Сорғылар (Grundfos CM, CMV немесе CR)
2	Тегеурінді коллектор
3	Шарлы қрандар
4	Қаңқа-негіз
5	Басқару шкафы
6	Манометр
7	Қысым релесі
8	Кронштейн
9	Кері клапандар ¹
10	Бұрандалы тығын
11	Қабылдаушы коллектор
12	Қысым релес ²

¹ Hydro Multi-S қондырғысындағы CR, CM сорғыларының кері клапандары тегеурінді коллекторда орналасқан.

² Hydro Multi-S арналған CMV сорғыларында опционалды.

8. Құрастыру



Ескертпе
Құрастыру осындай құрылғыларға қойылатын жергілікті талаптар мен стандарттарды ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Құрастыру бойынша жұмыстарды бастар алдында мыналарға көз жеткізу керек:

- қысымды жоғарылату қондырғысы тапсырыс талаптарына сәйкес келетіндігіне,
- көзге көрінетін зақымдардың жоқтығына.

Назар аударыңыз

Коллекторлардың үстіне тұруға тыйым салынады. Бұл сорғының сыртының зақымдануына немесе барлық жалғанулардан сұйықтықтың ағуына әкеліп соғуы мүмкін.

8.1 Орнату

Электр қозғалтқыштың және электронды құрылғының жеткілікті салқындалуын қамтамасыз ету үшін, келесі талаптарды сақтаңыз:

- Hydro Multi-S қондырғысы лайықты түрде салқындату қамтамасыз етілетіндей болып орналасуы тиіс;
- қозғалтқыштың салқындату қабырғалары, желдеткіштің қақпағындағы саңылаулар және желдеткіштің қалақтары үнемі таза болуы тиіс.

Нұсқау

Hydro Multi-S қондырғысы ғимараттан тыс жерде орнатуға арналмаған, суықтан және тікелей күн сәулесі түсуінен қорғанышы болуы қажет.

Қондырғының айналасында тексерістер мен техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге жеткілікті орын болуы тиіс.

Сорғылармен басқару шкафы, 31839 MemST 5.11.9 тармағы бойынша талаптарды орындау үшін, сорғылардың өздері орналасқан жерде болуы тиіс.

8.2 Орау


Қысымды жоғарылату қондырғысына тек тиісті көлемдегі құбырлар жалғануы тиіс.

Құбырлар қондырғының коллекторларына жалғанады. Бұл үшін коллектордың кез-келген соңғы бөлігі қолданылуы мүмкін.

Келте құбырдың бос қалған басына герметик жағыңыз және бұрандалы тығын орнатыңыз.

Сорғының оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар шу мен дірілді азайту үшін, дірілді өшіру үшін қосымша шаралар қолдану қажет болуы мүмкін.

Егер қысымды жоғарылату қондырғысы көп қабатты үйде орнатылған болса немесе жүйедегі бірінші тұтынушы қондырғыға жақын тұрса, діріл құбыр арқылы берілмеуі үшін, сорып алатын және тегеурінді құбырларға құбырлық компенсаторлар орнату ұсынылады.



TM03 9713 4307

3-сур. Құбырлық компенсаторлары және құбырға арналған тіреуі бар қондырғының үлгісі (Grundfos жеткізілуінің стандартты көлемі сұр түспен белгіленген)

Айқ	Атауы
1	Құбырға арналған тіреу
2	Компенсаторлар

Нұсқау

Мембраналы гидробак, құбырлық компенсаторлар, құбырларға арналған тіреулер және діріл тіреулері стандартты қысымды жоғарылату қондырғысымен бірге жеткізілмейді.

Қондырғыны іске қосар алдында барлық бұрандаларын қатайтып тарту керек.

Құбырлардың орнынан жылжып кетпеуін немесе бұратылып қалуын болдырмас үшін, олар ғимараттың конструктивті элементтеріне бекітілген болуы тиіс.

Егер сорғы нақты сорып алу биіктігінде жұмыс істеу керек болса, сорып алатын жеріне тиісті көлемдегі клапан орнатылуы тиіс.

Егер қондырғы дірілді өшіретін негіз-қаңқада орнатылатын болса, онда коллекторларда құбырлық компенсаторлар орнатылуы тиіс. Қондырғы құбыр магистралында «салбырап» тұрмауы керек.

8.3 Фундаменті

Қысымды жоғарылату қондырғысы тегіс және қатты жерде орнатылуы тиіс. Егер қондырғы діріл тіректерімен жабдықталмаған болса, оны бұрандалармен еденге бекітіп қою керек.

Нұсқау

СМ сорғылары бар Hydro Multi-S қысымды жоғарылату қондырғылары үнемі бұрандалармен еденге бекітілуі тиіс.

8.4 Діріл ендірмелері

Құбырлық компенсаторлар мыналар үшін орнатылады:

- сұйықтықтың температурасының өзгеруі салдарынан болған құбырдағы ұлғаюдың/сығылудың орнын толтыруға;
- құбырдағы қысымның секіруі салдарынан болатын механикалық деформацияларды азайтуға;
- құбырдағы сыртқы шуды оқшаулауға (тек резина сильфонды орын толтырушы муфталар).

Нұсқау

Құбырлық компенсаторлар құбырды орнатудағы, ернемектің ортадан жылжып кетуі сияқты, сәйкессіздіктердің орнын толтыру үшін орнатылмауы тиіс.

Құбырлық компенсаторларды айдау және қабылдау коллекторларынан ернемектің номиналды диаметріне 1-1½ тең арақашықтықта орнатыңыз.

Осылайша құбырлық компенсаторларды турбуленттіліктің туындауын болдырмауға болады. Бұл сорып алу жағдайын жақсартуға және сорып алу жағындағы қысым шығынын азайтуға келтіреді.

Құбырлық компенсаторлар мен сорғыларға күш түспейтіндей қылып, құбыр мықты бекітілуі тиіс.

Кеңесшілер немесе құбырды орнатушыларға берілуі тиіс жеткізушінің нұсқаулықтарын орындаңыз.

9. Электр жабдықты қосу



Ескертпе

Электр жабдықтарын қосу тек маманмен жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес және электр жалғауларының сызбасы бойынша орындалуы тиіс. Желілік ажыратқыштың көмегімен қорек кернеуін ажыратыңыз және жұмыс жасау кезінде бас ажыратқыштардың кездейсоқ қосылуын болдырмас үшін, таратушы қалқанның қақпағын жауып қойыңыз.

Келесілерді сақтау керек:

- қысымды жоғарылату қондырғысының электр жалғауларын құрастыру IP54 қорғаныш дәрежесіне сәйкес келуі тиіс;
- қондырғының электрлі сипаттамаларының қорек көзінің параметрлеріне сәйкестігін тексеру қажет;
- сымдардың тарамдарының сызба ерекшеліктеріне сәйкестігін тексеру қажет.

Нұсқау

Электр жабдықтарын қосар кезде, қысымды жоғарылату қондырғысымен бірге жеткізілетін электр жалғауларының сызбасын салыстырыңыз.

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар өндіруші-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өткізіледі. Орнату орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ.

Назар аударыңыз

Іске қосар алдында сорғылар жұмыс сұйықтығымен толтырылуы тиіс.

Нұсқау

Жылдың қыс мезгілінде, пайдаланысқа енгізер алдында, бітегіштерді шешіңіз және 5 сағат бойы қондырғыны акклиматизациялауды жүргізіңіз.

Қондырғыны іске қосу келесі кезектілікпен жүзеге асырылады:


- Құбырлы жалғау және электр қорегі желісін қосу.
- Барлық сорғылардың тегеурінді жағынан клапанды жабыңыз.
- Барлық сорғыларды сумен толтырыңыз және сорып алатын коллектор және сорып алатын құбырларда сумен толтырылғандығын тексеріңіз.
- Тегеурінді гидробактағы тіреуішті тексеріңіз: ол іске қосылу қысымының 0,9 x құрауы тиіс.
- Қорект кернеуін қосу.
- Жұмысты қолмен басқару режимінің түймесін басып ұстап тұрып бірінші сорғыны іске қосу.
- Сорғының айналыс бағытын тексеру. Егер айналу бағыты дұрыс болмаса, қорек көзінің екі фазасының орындарын алмастыру керек.
- Айдау клапанын баяулап ашып, сорғының ішіндегі ауаны шығару.
- Басқа сорғылар үшін тағыда қайталау керек.
- Тиісті түймені басып қондырғыны жұмыстың автоматты режиміне ауыстыру.

11. Пайдалану

Пайдалану шарттары 15. Техникалық сипаттамалар тарауында келтірілген.

11.1 Басқару панелі

Grundfos Multi-S қондырғысымен басқару басқару шкафына кіріктірілген басқару панелі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. 4-сур. қараңыз.



TM03 9720 4307

4-сур. Басқару панелі

Айқ.	Аталуы
1	Құрғақ айналымның авариялық сигнализациясының жарық индикаторлары
2	Сорғының нөмірі
3	Ақаулық күйінің жарық индикаторлары (тек үш фазалы сорғылар)
4	Сорғы жұмысының жарық индикаторлары
5	Қолмен басқару режиміне арналған түймелер
6	Сорғыны тоқтатуға арналған түймелер
7	Автоматты режимге арналған түймелер
8	«Қорек қосылуы» жарық индикаторы

11.2 Жұмыс режимі

Әрбір сорғының жұмыс режимі тиісті түймелердің көмегімен орнатылады: 11.1 Басқару панелі тарауда сипатталғандай. «Автоматты режим», «Тоқтату» және «Қолмен басқару режимі».

11.2.1 Қолмен басқару режимі

Қолмен басқару режимі, әдеттегідей, пайдалануға енгізер кезде, сынақ жүргізу кезінде немесе техникалық қызмет көрсетуді жүргізу кезінде қолданылады.

Қолмен басқару режимін қосу үшін, жұмысты қолмен басқару режимінің түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Нұсқау

Қолмен басқару режимінің түймесі басылған күйінде бекітілмейді. Сондықтан оны сынақ айналымы кезінде басып ұстап тұру қажет.

11.2.2 Автоматты режим

Егер аталған режим таңдалған болса, сорғылар жүйенің талаптарына сәйкес автоматты түрде жұмыс істейді, яғни қысым релесінде орнатылған қысым мәніне сәйкес.

- Кран ашық тұрған кезде, су ұлғайтушы бактан келеді, бак толық босағанша, егер ол орнатылған болса.
- Қысым іске қосудың бірінші мәніне дейін құлағандай, бірінші сорғы іске қосылады.

- Егер су пайдаланудың ұлғаюы жалғастырылатын болса, сорғылардың өндірілімдігі берілген өндірілімдікке сәйкес келмейінше сорғылар көбірек іске қосыла береді.
- Егер су пайдалану төмендесе, айдау қысымы бірінші ажырату қысымына дейін ұлғаяды, қысым релесі іске қосылады, соңғы сорғы тоқтағанға дейін.
- Егер су пайдаланудың азаюы жалғастырылатын болса, соңғы сорғы тоқтағанға дейін сорғылар көбірек тоқтатыла береді.

11.2.3 Құрғақ айналыстан қорғау

Hydro Multi-S қондырғысы (CMV сорғылары бар қондырғыларынан басқа) сорғыны құрғақтай пайдалану мүмкіндігін болдырмас үшін, қорғақ айналымнан қорғанышпен жабдықталған. Құрғақ айналыстан қорғаныш сорып алу жағына жалғанған және басқару шкафына жалғанған қысым релесі немесе деңгей релесі бойынша активтендіріледі.

Нұсқау

Қолмен басқару режимінің түймесі басылған күйінде бекітілмейді. Сондықтан оны сынақ айналымы кезінде басып ұстап тұру қажет.

11.2.4 Авариялық режимде жұмыс істеу



Ескертпе
Желілік ажыратқыштың алдында жалғанған клеммалар мен кабельдерде ажыратқыш АЖЫР күйінде болса да кернеу болады.


Авариялық режимде жұмыс істеу тек авариялық жағдайда ғана пайдаланылады және тек қысқа мерзімде. Бұзылған басу платасын әрдайым жаңасына айырбастаған жөн. Жаңа басу платасын алу үшін, Grundfos компаниясына жүгінізіз.

Назар аударыңыз

Hydro Multi-S барлық функциялары басқару шкафының ішінде электронды басу платасымен реттеледі. Егер басатын плата істен шығатын болса, жүйенің тоқтатылуын болғызбауға болады. Үш фазалы қысымды жоғарылату қондырғыларында басу платаларына жалғастырғыш қоюға және қондырғыны тек қысым релесінің көмегімен реттеуге болады.

Пайдаланудың авариялық режимін орнату үшін, келесілерді орындаңыз:

1. Желінің қорек кернеуін ажырату, басқару шкафын ашу.
2. Басқару шлефының клеммасын бастапқы қалпынан қайтадан орнату, 5 сур. қар. А қалпы, уақытша авариялық қалпына, 5 сур. қар. В қалпы.
3. Басқару шкафын жабу және кернеудің берілуін жаңарту.



5-сур. Электронның басу платасы

TM03 9725 4407

11.3 Функциялары

Hydro Multi-S келесі функциялары бар:

- Сорғылармен екі немесе үш қысым релесінің көмегімен автоматты түрдегі каскадты басқару.
 - Әрбір іске қосу/тоқтату айналысы кезіндегі сорғылардың автоматты түрде қайта іске қосылуы.
 - Егер сорғы бұзылған күйде болатын болса, ол автоматты түрде пайдаланыстан шығарылады.
 - Құрғақ айналым күйінің сигнализациясын автоматты түрде түсіру.
 - Артық жүктелім күйінің сигнализациясын қолмен түсіру.
 - Сорғылардың және жүйенің қорғанышы:
 - Балқығыш сақтандырғыштардың көмегімен қысқа тұйықталулардан қорғау.
 - Жылу қорғанышы релесінің көмегімен қозғалтқышты қорғау.
 - Қосымша қысым релесінің немесе деңгей релесінің көмегімен құрғақ айналыстан қорғау.
 - Екі сорғыны іске қосу аралығындағы кідіріс:
- Бірнеше сорғылардың бірізгі іске қосылуын болдырмайды.

11.4 Қысым релесінің баптаулары



Ескертпе
Ажырату қысымы еш бір жағдайда сорғының және бактың мейілінше жоғары жұмыс қысымынан артық болмауы тиіс.

Әрбір қысымды жоғарылату қондырғысы зауытта сынақтан өткен, қысым релелері тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін реттелген.

Қондырғының пайдалану орнындағы жұмысын оңтайландыру үшін, іске қосу-жөндеу жұмыстарының барысында қосымша баптаулардың қажет болуы мүмкін. 6-сур. қар.



6-сур. Қысым релесі

TM03 9791 4407

11.4.1 Ажырату қысымын баптау

Ажырату қысымын баптау үшін, (P_{ажыр.}) келесілер орындалады:

1. Ажырату қысымының мәнін ұлғайту үшін, P1 бұрандасын сағат тілі бойынша бұрыңыз және оны азайту үшін, сағат тіліне қарсы бұрыңыз. 6-сур. қар.
2. Әрбір қысым релесінде ажырату қысымының мәнін 0,3-тен 0,5 бар дейін айырмашылықпен тиісінше орнатыңыз.
3. Сорғыны іске қосыңыз да, әрбір қысым релесіне арналған қажетті ажырату қысымының жеткілікті екенін манометрден қараңыз.

11.4.2 Қысымдардың әртүрлілігін баптау

Қысымдардың әртүрлілігін беру үшін ($P_{\text{әртүрлі}}$), P2 бұрандасын сағат тілі бойынша бұраңыз, қысымның әртүрлі мәнін ұлғайту үшін және оны азайту үшін, сағат тіліне қарсы бұраңыз.

Ажырату қысымы өзгеріссіз қалады. 6-сур. қараңыз.

Қысымдардың әртүрлілігі барлық қысым релелеріне бірдей берілуі тиіс.

11.4.3 Іске қосу қысымы

Давление Іске қосу қысымы ($P_{\text{іске қосу}}$) қысымдардың әртүрлілігін баптағаннан кейін, автоматты түрде орнатылады.

$$P_{\text{іске қосу}} = P_{\text{ажырату}} - P_{\text{әртүрлі}}$$

Іске қосу қысымының қажетті көлемге сәйкестігін тексеру үшін, келесілер орындалады:

1. Сорғыны іске қосыңыз да ажырату және іке қосу қысымдары қажетті мәнге жететіндігін манометрден қараңыз.
2. Іске қосу қысымы және ажырату қысымы қажетті мәнге жеткенге дейін, жоғарыда көрсетілген баптау әрекеттерін қайталаңыз.

11.5 Мембраналы гидробактың ішіндегі ауаның алдын ала қысымын баптау

Сорғының іске қосу қысымы анықталып болғаннан кейін, мембраналы гидробактың ішіндегі ауаның алдын ала қысымының мәнін түзетуге болады және сорғының іске қосу қысымынан шамамен 90 % орнатуға болады.

$$\text{Алдын ала қысым} = 0,9 \times P_{\text{іске қосу}}$$

Мембраналы гидробактың алдын ала қысымын айдайтын құбырдың бос кезінде тексеріп/реттеу керек.

12. Техникалық қызмет көрсету



Ескерту
Сорғылармен кез-келген жұмысты бастамас бұрын электр қорегінің ажыратылғандығына көз жеткізіңіз. Жұмыс жасау кезінде бас ажыратқыштардың кездейсоқ қосылуын болдырмас үшін, таратушы қалқанның қақпағын жауып қойыңыз.

12.1 Сорғы

Сорғының мойынтіректері мен тығыздағыштары техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді.

12.2 Баптаулар

Қондырғының дұрыс және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, мембраналы гидробактың ішіндегі ауаның алдын ала қысымын және қысым релесінің баптауларын жиі (жылына біреуден сирек емес) тексеріп тұру қажет.

13. Істен шығару

Hydro Multi-S қондырғысындағы жеке сорғыны ажырату үшін, басқару панеліндегі тиісті түймені басу керек (Пайдалану тарауын қар.). Барлық Hydro Multi-S қондырғысын пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Ажыратылған» күйіне ауыстыру қажет. Желілік ажыратқышқа дейін орналасқан барлық электр желілерінде үнемі кернеу болады. Сондықтан, абайсызда немесе рұқсат етілмеген қосуларды болдырмас үшін, желілік ажыратқышты блоктап қою керек.

14. Төмен температуралардың қорғау

Егер қысымды жоғарылату қондырғысы жағымсыз температуралар кезеңінде пайдаланылмайтын болса, зақымдануды болдырмас үшін, коллекторлардан, сорғылардан және мембраналы гидробактан айдлатын сұйықтықты ағызып жіберу керек.

15. Техникалық сипаттамалар

Параметрі	Сорғының типі	
	CM, CMV	CR
Мейілінше көп шығын	45 м/сағ. дейін	69 м/сағ. дейін
Мейілінше жоғары жұмыс қысымы	10 бар	10/16 бар
Айдалатын сұйықтықтың температурасы	от +5-тен +50 дейін	от +5-тен + 50 дейін
Қоршаған ортаның температурасы	+5-тен +60 дейін	+5-тен +40 дейін +5-тен + 60 дейін
Сорып алудың мейілінше жоғары биіктігі: 10,33 м – NPSH сорғысының – сорып алудағы басқада шығындар – қор коэффициенті 0,5 м.		
Қуаттылығы	3,2 кВт дейін	5,5 кВт дейін
Іске қосу сызбасы	Тікелей іске қосу	
Қорек кернеуі	1 x 220-240 В	1 x 220 В
	3 x 220-240/380-415 В	3 x 400 В
Ток жиілігі	50 Гц	
Кернеудің рұқсат етілген ауытқулары	+ 10 %/- 10 %	
Ауаның тиісті ылғалдылығы	м.ж. 95 %	
Қорғаныш дәрежесі	IP54	
Шу деңгейі көп емес	80 дБ(А)	

¹⁾ 0,37 кВт дан 0,75 кВт дейін қоса алғандағы қуаттылықты электр қозғалтқыштар үшін.

²⁾ 1,1 кВт дан 5,5 кВт дейін қоса алғандағы қуаттылықты электр қозғалтқыштар үшін.

16. Ақаулықтың алдын алу және жою

Егер қандайда бір ақаулар бұл кестеде көрсетілмеген болса, сорғыларды құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.



Қысымды жоғарылату қондарғысымен қандайда бір жұмыстарды орындауға кірісер алдында қорек кернеуінің ажыратылғанына және кез-келген абайсызда қосылу мүмкіндігінің жоқтығына көз жеткізіңіз.

Ақау	Себебі	Орындалуы мүмкін әрекеттер
1. Іске қосу орындалды, бірақ Hydro Multi-S жұмыс істемейді.	a) Нақты қысым жоғары немесе қосылудың берілген қысымына тең.	Қысым құлағанша күте тұрыңыз немесе төмендетіңіз.
	b) Электр қорегінің берілуі жоқ.	Электр қорегін қосу.
	c) Қорғаныш автоматтары ағытылған.	Ақауды жою және қорғаныш автоматтарын қосу.
	d) Қозғалтқыштың қорғанышы іске қосылды.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	e) Қорғаныш автоматының ақаулығы.	Қорғаныш автоматын айырбастау (іске қосқыш).
	f) Қысым релесінің ақаулығы.	Қысым релесін айырбастау.
	g) Балқығыш сақтандырғыштың ақаулығы.	Ақаулықты жою және балқығыш сақтандырғышты айырбастау.
	h) Сорғы тоқтаған.	Себебін жою.
	i) Электр қозғалтқыштың ақаулығы.	Қозғалтқышты жөндеу немесе айырбастау.
	j) Электронды басу платасының ақаулығы.	Балқығыш сақтандырғышты айырбастау, егер ол зақымданған болса. Егер ол ақаулы болса, авариялық режимде жұмыс істеуге ауысу және электронды басу платасын айырбастау.
2. Сорғы іске қосылды, бірақ сол мезетте тоқтатылды.	a) Қысым релесін дұрыс баптамау.	Ажырату қысымын және/немесе қысымның әртүрлілігін ұлғайту.
	b) Мембраналы гидробактағы алдын ала қысымның қате мәні.	Алдын ала қысымды тексеру.
	c) Құрғақ айналым қорғанышы іске қосылды.	Сорып алу жағдайын тексеру, жұмыс ортасы сорғыға кедергісіз өтуі тиіс.
3. Өте жиі қосылу-ажыратылу.	a) Қысым релесін қате баптау.	Ажырату қысымын және/немесе қысымның әртүрлілігін ұлғайту.
	b) Мембраналы гидробактағы алдын ала қысымның қате мәні.	Алдын ала қысымды тексеру.
	c) Мембраналы гидробактың ақаулығы.	Мембраналы гидробакты жөндеу немесе айырбастау.
4. Сорғылар жұмыс істеуде, бірақ су бермейді.	a) Сорып алушы магистраль немесе сорғылар балшықпен бітелген.	Сорып алушы магистраль немесе сорғылар балшықпен бітелген.
	b) Қабылдаушы немесе кері клапан жабық күйінде блокталған.	Клапанды тексеру және жөндеу.
	c) Сорып алу желісінде немесе сорғылардың ішінде ауа бар.	Сорғылардан ауаны шығару. Сорып алатын құбырдың герметикалығын тексеру.
	d) Қозғалтқыштар қате бағыттағы айналыммен жұмыс істеуде.	Айналу бағытын өзгерту (қорек берудің екі фазасының орындарын айырбастау).
5. Ажыратылғаннан кейін сорғылар кері бағытта айналады.	a) Сорып алу желісіндегі герметиканың бұзылуы.	Сорып алғыш құбырды жөндеу немесе айырбастау.
	b) Қабылдаушы немесе кері клапан зақымданған.	Кері клапанды немесе қабылдағыш клапанды жөндеу немесе айырбастау.
6. Білік тығыздағышының герметикасыздығы.	a) Білік тығыздағышының герметикасыздығы.	Біліктің тығыздағышын айырбастау.
7. Шулар.	a) Сорғылардағы кавитация.	Сорып алу жағдайларын тексеру (сорғы, құбыр, клапандар және торлы сүзбе, егер бұндай болатын болса).

17. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S Концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындаушы ел жабдықтың фирмалық тақтасында көрсетілген.

Дайындаушымен өкілетті тұлға/Импортерушы**:

«Грундфос Истра» ЖАҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй

** импорттық жабдыққа қатысты көрсетілді.

Для оборудования, изготовленного в России:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖАҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Информация о подтверждении соответствия

**RU**

Насосные установки Hydro Multi-S, произведённые в России, сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011). Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.00638, срок действия до 26.03.2019 г.

Насосные установки изготовлены в соответствии с ТУ 3631-002-59379130-2005.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации

№ РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.



Насосные установки Hydro Multi-S сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01172, срок действия до 08.12.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации

№ РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Истра, 9 декабря 2014 г.

KZ

Ресейде жасалған Hydro Multi-S қысым арттыру қондырғысы «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011) «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.00638 жарамдылық мерзімі 26.03.2019 жылға дейін.

Сорғы қондырғысы 3631-002-59379130-2005 ТТ-на сәйкес дайындалды.

«Сертификаттың Иванов Қоры»

ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» сертификация бойынша органымен берілген, 20.06.2014 жылдан

№ РОСС RU.0001.11АИ30 аккредитациясының аттестаты, аккредитация бойынша Федералды қызметпен берілген, мекен-жай: 153032,

Ресей Федерациясы, Ивановск обл., Иваново қ., Станкостроитель көш., 1-үй телефон (4932) 23-97-48, факс (4932) 23-97-48.

Hydro Multi-S сорғылық қондырғысы Кеден Одағының «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011) «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011), техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01172 жарамдылық мерзімі 08.12.2019 жылға дейін.

«Сертификаттың Иванов Қоры»

ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» сертификация бойынша органымен берілген, 20.06.2014 жылдан

№ РОСС RU.0001.11АИ30 аккредитациясының аттестаты, аккредитация бойынша Федералды қызметпен берілген, мекен-жай: 153032,

Ресей Федерациясы, Ивановск обл., Иваново қ., Станкостроитель көш., 1-үй телефон (4932) 23-97-48, факс (4932) 23-97-48.

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казахстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Кек-Тебе шағын ауданы,
Кыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

98881642 0615
ECM: 1159484